

**Бородулиха ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 35 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 наурызда № 4455 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 наурыздығы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 13.03.2017 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға аудан бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Бородулиха ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 тамыздағы № 208 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4151 тіркелген, аудандық "Аудан тынысы" газетінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 80 (589), "Пульс района" газетінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 80 (6908)) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. А. Атаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Г. Акулов*

**2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Айына бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілер саны, адам		Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалған шығынның орташа құны, теңге		Айы ата-ақы мөллі теңге
Балабақшалар, бөбекхана		Шағын орталықтар		Балабақшалар, бөбекхана	Шағын орталықтар	Балабақшалар, бөбекхана	Шағын орталықтар	
Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет					
21893	18236	18311	16824	633	425	18381	18689	9800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК